



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20 20 ж. 24 тамыз

Тайынша қ.

№ 23 -НҚ

г. Тайынша

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Осы бұйрығының қосымшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобының құрамы бекітілсін.

3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 01 қыркүйекке дейін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысының м.а.



В. Малиновская

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары
бөлімі басшысының м.а.
2020 жылғы «24» тамыздағы
№ 23-НҚ бұйрығына
қосымшасы

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобының ҚҰРАМЫ

1. Малочуева Зухра
Сағындыққызы жер қатынастары бөлімінің бас маманы-бас есепшісі
2. Ким Жанна
Валентиновна жер қатынастары бөлімінің бас маманы
3. Малиновская
Валентина
Станиславовна жер қатынастары бөлімінің бас маманы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің
жер қатынастары бөлімі» КММ

Тайынша қ.

2020 ж. 28 тамыз

I. Кіріспе бөлім

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мәні: «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-Бөлім) қызметі.

2. Негіздеме: бөлім басшысының м.а. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2020 жылғы 24 тамыздағы бұйрығы.

3. Өткізу мерзімі: 2020 жылғы 24 тамыздан 2020 жылғы 28 тамызға дейін.

4. Талданатын кезең: 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 1 қыркүйекке дейін.

II. Ақпараттық-талдау бөлімі

Бөлімнің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Нормативтік-құқықтық актілер: 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы, 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Қазақстан Республикасының Жер кодексі, 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көрсетілетін қызметтері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Әдеп кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414 Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы №272 бұйрығымен бекітілген «Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту» (Стандарт жаңа редакцияда-ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2019 № 40 бұйрығымен), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрінің – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №518 «Шаруа немесе фермер қожалықтарын жүргізу, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру бойынша конкурсты ұйымдастыру және жүргізу Ережелері».

Нормативтік құқықтық актілерді зерделеу кезінде қақтығыстар анықталды. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 150-бабына сәйкес жерге орналастыру жобасын бекіту - 4 жұмыс күні, «Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі-7 жұмыс күні. Е-лицензиялау базасында мерзімі де 7 жұмыс күні.

Ұсыным: жер қатынастары бөлімінің бас маманы жоғарыда көрсетілген стандартқа өзгерістер енгізу туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппаратына хат жолдасын («жер қатынастары саласында мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі Қағиданы бекіту туралы» жаңа Ережелер).

3. Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

3.1. *Персоналды басқару желісі бойынша, оның ішінде кадрлардың ауысуы*

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ штат саны 5 бірлікті құрайды. Нақты саны-4 адам.

Бөлімнің құрылымын басшы және 4 бас маман құрайды. 2020 жылға арналған штат кестесіне сәйкес бөлімде техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және бөлімнің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін 3,25 бірлік қызметкер, оның ішінде: 0,25 бірлік қызметтік үй-жайларды жинаушы, 1 бірлік жүргізуші, 1 бірлік басшының хатшысы, 1 бірлік Жер мәселелері жөніндегі әдіскер бар.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде кадрлардың ауысу деңгейі төмен.

Бөлім басшысы 2014 жылдың 14 маусымынан бастап осы лауазымда жұмысын атқарады, осы жұмыс кезеңінде кадрлардың ауысуы «басшылық ауыстырулар» болған жоқ.

Бөлімнің мемлекеттік қызметшілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді, этикалық нормаларды және Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы сақтауы бөлігінде:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 18-бабына сәйкес мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде азаматтар өздеріне белгіленген шектеулерді қабылдайды. Сонымен, талдау жүргізу кезінде бөлімнің барлық мемлекеттік қызметшілерінің істерінде шектеулер қабылдау туралы міндеттемелер бар.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы. Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін (мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы қағидаларын) бұзғаны үшін тәртіптік жазалар қолданылған жоқ.

Барлық мемлекеттік қызметшілер бөлім басшысының бұйрығымен бекітілген атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Еңбек тәртібін бұзу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, қылмыстық фактілер болған жоқ. Бөлімде анонимді сауалнама жүргізу қажеттілігі жоқ.

Ұсыным: «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның, «Қазақстан

Республикасы Еңбек кодексінің», Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің тиісінше сақталуын қамтамасыз ету.

3.2. Мүдделер қақтығысын реттеу желісі бойынша.

Барлық мемлекеттік сатып алулар «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңына сәйкес жүргізіледі. Өнім берушінің қызмет көрсетуі көрсетілген шарттарда жүзеге асырылады, ұйым тарапынан шарттың орындалу сапасына наразылықтар жоқ. Мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезінде мүдделер қақтығысының туындау фактілері туындаған жоқ. Мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын бюджет қаражатын тиімді жұмсау, Мемлекеттік сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Ішкі талдау нәтижесінде бөлім басшылығының жақын туыстарының, жұбайларының немесе жекжаттарының әлеуетті өнім берушілерінің өткізілетін Мемлекеттік сатып алуға қатысу фактілері анықталған жоқ.

Қорытынды: бұдан әрі жұмыста «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтау, бекітілген, нақтыланған жоспарға сәйкес мемлекеттік сатып алуды уақтылы өткізу, сапалы тауарлар мен қызметтерді жеткізу бойынша жеткізушілермен шарттар жасасу, мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде мүдделер қақтығысын болдырмауға ықпал ету.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлескен қызмет (жұмыс) фактілері анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

2020 жылдың 8 айында бөлімге 40 өтініш түсті:

оның ішінде: жеке тұлғалардан-12, заңды тұлғалардан-2, бөлім басшысымен жеке мәселелер бойынша қабылдауға 26 азамат қабылданды.

Барлық өтініштер заңмен белгіленген мерзімде қаралып, оның 10-ы қанағаттандырылды, 30-ы бойынша түсініктемелер берілді.

Сыбайлас жемқорлық жағдайлары бойынша шағымдар, өтініштер түскен жоқ. Барлық өтініштер мерзімінде қаралып, шағым беру құқығы түсіндіріліп, уақтылы орындалмау немесе орындаудан бас тарту фактілері жоқ.

Ұсыным:

Тұрақты негізде уәкілетті орган «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талаптарының тиісінше сақталуын қамтамасыз етсін. «Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметі туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдарына сәйкес әзірленді.

III. Қорытынды бөлім

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезінде жұмыс тобы көрсетілген кезеңде сыбайлас жемқорлық фактілері-жоқ, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тартылған мемлекеттік қызметшілер-жоқ екенін анықтады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданатын шараларды жақсарту бойынша ұсыныстар:

- «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ қызметкерлері арасында қолданыстағы заңнама нормаларын зерделеу бойынша тәжірибені жалғастыру»

Жұмыс тобы



З. Малочуева

Ж. Ким

В. Малиновская